



«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйеіс» КММ
Жасөспірімдер кітапханасы



«Жастар мемлекеттің болашағы»

(жастар туралы ақындар өлеңі)

ЭЛЕКТРОНДЫ БУКЛЕТ





Jastar



«ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТТИҢ БОЛАШАҒЫ»



*Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де,
білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де солардың мойнында.
Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар.*



Тикенова Анел Төлеутавна

Мағжан Жұмабаев

Мен жастарға сенемін!





Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты —
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар — балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көзегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер —
Мен жастарға сенемін!

Тлау суындай үрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Тталу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!...
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Иса Байзақов

«Жастарым»





Жастарым еңбекші елдің болатысың,
Сүзілген жібек баулы қанатысың,
Қар жауып, ыстық, аяз көрсеңдағы,
Құлпырып өңі түспес жанатысың.
Өрілдей емен ағаш сен сабағы,
Дұшпанның саған батпас бар жағағы,
Сауытың үстіңдегі сұр костюмнің
Адымда ұлы жолмен алдыңдағы.



Міржақып Дулатұлы

«Мастарға»



Найзаменен түртсе де,
Жатырмын, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, Алла-ай!

Бар ма екен біздей ғафыл
жұрт,

Атырафқа көз салсақ.
Көзі іскенше ұйқыға
Келе жатқан тоя алмай?

Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?

Халыққа, жастар, басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?



Сұлтанмахмұт Торайғыров


«Оқып жүрген жастарға»





Шәкәрім Құдайбердіұлы





«Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние...»



Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние,
Мұны бұйытп жаратқан қандай кие?
Білімсіз, мақсұтсыздан шыққан болса,
Мақсұт, білім, ой шығар бар ма жүйе?
Керексіз жаралған бір тозаңы жоқ,
Тәртібі таң қаларлық зор мәшине.
Алыстан іздемей-ақ ойласаңыз,
Кору үшін жаралған көзіңіз де,
Себебі толымдының ісі толық,
Ең түпкі жаратушы – мінсіз не.
Қуш, білім, шеберлікті іс білгізер,
Есті, мінсіз шебердің ісі емей не?

Ұлықтарша қорқытпай законменен,
Молдаларша теңемей кәпірменен,
Егер сөзім қонбаса көкейіңе,
Жығарлық дәлеліңді айт ақылменен.
Дағды, күншіл, өзімшіл, айла, мақтан
Қайрылмай дос-жарыңа, жақынменен.
Ар, нысанға не жауап береді едің,
Түзу істі қисайтсаң тақылменен.
«Құдай жоқ, қиямет жоқ» десең-дағды,
Арың жолдас емес пе мақұлменен?





*Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті.
Біздің жастарымыз ана тіліне жетік,
білімді, мәдениетті болсын.*

Ахмет Жұбанов



*«Жастар мемлекеттің болашағы»
(жастар туралы ақындар өлеңі) атты
Электронды буклет көпшілік қауымға арналған*



Құрастырған:

С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар

жүйесі» КММ

Жасөспірімдер кітапханасы

кітапханашы

Туганбаева Құралай Насрединқызы